

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Гүлдер» балабақшасы

Топ: «Рашан» МАД тобы

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі **02.10 - 06.10.2023ж.**

Педагогтың аты-жөні: Чалмахсимова Ә., Изтурганова Р.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Ата-анаға балабақшаға уақытында келуді ескерту. "Қош келдің, Алтын күз!" тақырыбына жоба ұйымдастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, адал жұмыс істеу, тәртіпке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинау мен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ	Үстел үсті ойыны "Лото. Жеміс-жидектер мен көгөніс. Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтқызу. Ойын шарты.	"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық ойлауды, еске сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд	Саусақ жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ". Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде.	"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) "Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.

	моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) "Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығы сезімін дамыту; бірлескен ұжымдық іс-әрекетке, тапқырлықты үйрету. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру) Еркін ойын: "Кім епті?" Мақсат-міндеттері. Допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру. (дене шынықтыру) Үстел үсті ойыны. Лото. "Жеміс-жидектер мен көгөніс". Міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс туралы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтқызу. Ойын шарты. Көгөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша,	Көгөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау мен гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Күзгі жапырақтар" Міндеттер: балаларды күз туралы білімдерін кеңейте отырып, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру.	өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойында бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдануы мүмкін. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) "Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жүзеге асыру. Еркін ойын. "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгелене шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалардың сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, ол жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: таппақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тез тұрып үлгірген	Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің (қарым-қатынас іс-әрекеті) Үстел үсті ойыны. "Сикырлы сандар". Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуді үйрету. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Тыйым салынған қозғалыстар". Мақсат-міндеттері. Еске сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, педагог ортаға шығады. Ол олардың қайсына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4-5 қайталаудан кейін өзгерту керек. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)
--	---	--	---	--	---

	бау мен гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)		балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, жан-жағына қарауға болмайды. Бір-бірін итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)		
Ертеңгілік жаттығу	1."Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке.				

	Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Күз туралы жұмбақтар шешу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Күз туралы тақпақтар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	"Күз" тақырыбына байланысты мнемокарточкалармен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпі" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін таныстыру. Қазақ тілі "Жыл мезгілдері. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларға «күз», «жапырақтың түсуі» ұғымдарын; «алтын күз» туралы түсініктерін одан әрі дамыту; Ғ әрпі және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғи құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың «күз» тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, «күз» ұғымын анықтайтын негізгі сөз	Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпін қайталау" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін қайталану. Математика негіздері "Сайқымазақтарды кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту. Музыка "Кел, ән тыңдайық!" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сыр-сипатын	Математика негіздері "Сайқымазақтарды кім санапты?" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту. Қазақ тілі "Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)". Мақсат-міндеттері. Балаларға [-о], [-ө] дыбыстарын, О о және Ө ө әріптерін таныстыру; [-о], [-ө] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, анық естуге, ажыратуға ынталандыру, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-о], [-ө] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөз басында,	Математика негіздері "Қанша салсаң, сонша жинайсың". Мақсат-міндеттер: балалардың "төрт" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Сөйлеуді дамыту Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдерінің ішіндегі бағаланатын күз мезгілінің ерекшелігін ашып түсіндіру, күз байлығы туралы әңгімелеу. Музыка "Күз қазан".	Сауат ашу негіздері "[н] дыбысы және Н н әрпімен танысу" Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау. Мүсіндеу "Күзгі жапырақтар" Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін кеңейту, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру. Дене шынықтыру "Достарыңа көмектес" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; екі аяқты қосып заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру дағдысын пысықтау. Көркем әдебиет "Жұмбақтар әлеміне саяхат". (пысықтау)

	тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркемсөзді қолдануға бейімдеу. Дене шынықтыру "Кішкентай доптар". Мақсат-міндеттері. Балаларды тізенің арасына қапшықты қысып, екі аяқпен секіруді үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Себет толы көгөніс пен жеміс". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін тиянақтау; күз мезгіліне тән құбылыстарды бақылай білу қабілеттерін жетілдіру.	ажыратуды үйрету. Сөйлеуді дамыту Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшелігін бақылату.	ортасында, аяғында) табуды үйрету; ойын тиянақты жеткізуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күзгі табиғатты сипаттап, күз айларын атауды үйрету. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Достарыңа көмектес". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) екі аяқпен секіруді пысықтау. Көркем әдебиет "Жұмбақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдау, жауабын табуды үйрету.	Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Қияр қалай өсіп шығады?". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністердің өсіп шығуы туралы түсініктерін жетілдіру; бақшада жұмыс істеу түрлерімен таныстыру; қиярды өз қолымен өсіру іс-тәжірибелерін жасау арқылы қияр туралы ұғымдарын толықтыру; танымдық үрдістерін дамыту; бір-бірін мұқият тыңдап, қойылған сұраққа нақты және толық жауап бере білуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштікке баулу.	Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдауды, жауабын табуды үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға	Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су	Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауу құбылысымен таныстыруды	Жаңбырды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде	Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Суды үнемді пайдалану туралы түсініктерін бекіту. Тәжірибе. "Судың түсі жоқ, бірақ

	дағдыландыру. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін күн райы қандай? Бүгін аспан қандай? Аспаннан нені көреміз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғала ма немесе қозғалмай ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. Жұмбақ Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт.) "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты	айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрету. Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендер, теңіздер мен шалшықтардағы және басқа жердегі судың булануынан ауада әрдайым су буы болатынын, бірақ біз оны көрмейтінімізді түсіндіріңіз. Бу аспанға көтерілгенде аспанда бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, барлық тамшылар бірге жиналып, үлке және ауыр болып жерге түседі, жаңбыр жауады. Көркемсөз Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ жауу - табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер	түсініктемені бекіту Жауынның алғашқы белгілерін байқау: қалың бұлт, кара бұлт, түнерген бұлт. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту (су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, ол жерге жауын болып жауады; егер тамшылар кішірек болса жауын сіркірейді, ірі тамшылар жаңбыр болып жауады; әр бағытта, тура, қисық). Жазда жауын әртүрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін. Бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын айту керек. Жерден жоғарыда ауа өте суық, ол жерден көтерілген буды суытады. Күзде жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту. Көркемсөз Жаңбыр-жаңбыр жауады, Тамшылары тамады, Ойнап, ойнап, аламыз, Ойын сауық саламыз! Жау аяма нөсерле, Сенсіз бір түп өсе ме? Құйып, құйып өтпесең Бұлт жөніне көшер ме? Жұмбақтар Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр.)	оны бояуға болады". Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стақанға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі суға қандай түсті қосатынымызға байланысты. Қорытынды. - Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез келген түске оңай бояуға болады.) Көркемсөз Самал жел, бізді желдетші, Күн нұры, бізді жарқырат. Таза ауа, дем берші, Мөлдір су, бізді салқындат. Дидактикалық ойын. "Батады-батпайды". Мақсат-міндеттері. Заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту. "Су қандай?" Балалар суды сипаттайды. Мақсат-міндеттері. Салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу. "Сумен ойындар". Үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құяды, қуыршақтарды жуындырады және тағы басқа. Еңбек: ойыншықтарды жуу
--	---	--	---	--	---

	қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Д. Ахметова "Өткеншек". Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, шеңбер ортасына қаратып тұрғызу керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еңбек: балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, жылдамдығын,	Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен - түлкі" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал ойын жүргізушісі (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Содан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	бойымен жүріп мына сөздерді айтады: - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеуге міндетті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. Еңбек: гүлзарларды суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ересектерге	Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай.) Мақал-мәтел. Жаңбыр жауса – жер ырысы. Еңбек: жағалаудан қолөнерге жарайтын малтатастарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) жеткізбеуге тырысу, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез	(оларды өңдеуге болады), төсенішке жаю, кептіру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір-бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе: "Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Осы топтың ішінен, Анар атты қыз (Асан атты ұл) керек!" - деп шақырады. Анар күш жүгіріп барып, қолдарын үзіп өту керек. Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Баланың шапшаңдығын, күштілігін айтып мақтап жүреміз. "Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қиялды дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсету. Еркін ойын ойнау.
--	---	---	--	--	--

	зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді және тағы басқа. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (тек қана секіру, арқаны алдыға қаратып жүгіру және тағы басқа) Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	Қозғалыстарды дамыту жыттығылары: жүгіріп ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсаты: ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	көмек көрсетуді; өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шаппақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.	келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала қаша жөнеледі. Ал диалог әрі қарай жалғасады: - Бояудың бағасы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген мөлшерде қаққылайды, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. "Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Лақтыру ептілігін, икемділікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойын ойнау.	
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқкиімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныш, есікті тарсылдатпай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою. Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, әбден тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толыққанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануды әдетке айналдыру.	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану дағдыларын қалыптастыру: оны

	мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қайталау. Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауыzyma сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	қолдануды, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан түйірлерін жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айту әдеп үлгілерін қайталау. Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Нанды үгітпеу, орындықты дұрыс қою, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануға жағымды қатынасты тәрбиелеу. Көркемсөз Тағы, міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	гигиеналық іс-шараларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту. Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	дұрыс пайдалану, ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш отыру әдетін дамыту. Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан біртіндеп тұру (музыка ақырын ойнап тұр). Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1. «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. Көркемсөз - Балапандарым, ұйқыдан тұрайық.	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркемсөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтай ойнақтап, Тастан-тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшақ» жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту. Көркемсөз Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық! Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Көркемсөз Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір-біріне жымыыңдар, Бастарыңды оңға және солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен

		Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)			сипандар, Жұдырықты қысындар, Енді біраз ашындар, Керіліндер, созылындар, Енді ояндындар, төсектен тұрындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады",	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауыстап жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған	Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өмірге нық сеніммен қарау (оптимизм) сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда қолшатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып айту керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяқкиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен,

"Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы". Мақсат-міндеттері. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель мамандығы туралы түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамды құрметтеу, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құралдар. Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірге түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында алдын ала әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог балаларға сән көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері,	сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); қолғап (перчаткалар), халаттар,	тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлік жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттері. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпіншілері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны	аққала, Ақбала, Ақжан. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсат-міндеттері. Адамның білім алуында мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке экскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын ала қарап, мұғалім мен оқушылар туралы әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында, мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады.
---	---	---	---	--

Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану кезінде балаларға ескерту: тамақты ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. Көркемсөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын!	Гигиеналық дағдылар Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатысты әрекеттерді орындау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркемсөз Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз.	Гигиеналық дағдылар Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатысты әрекеттерді орындау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркемсөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.	Гигиеналық дағдылар Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты.	Гигиеналық дағдылар Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгіме айтуы. Көркемсөз Су ағызып шүмектен, Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар,

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз ертемен, Көңілді әуен сазымен, Жаттығуды бастаймыз. Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын	Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Үй жануарларының төлдері (күшік)" Мақсат-міндеттері. Балаларды күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттердің жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға	Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Лас - (Таза). - Қараңғы - (Жарық). - Түн - (Күндіз). - Ылғалды - (Құрғақ). - Жаңбыр - (Қар). - Аспан - (Жер). - Таң - (Кеш). - Су - (Мұз). - Су - (Бу). - Жаз - (Қыс). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Қонақ күтеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға "қонақты күту" ұғымы, "қонақ"	Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".	Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсен, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттері. Балалардың әркелкі орналасқан заттарды көзбен қарап, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Театрландырылған қойылым. "Шалқан" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шалқан" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, шалқанның нақпішіні.

	тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог бұдан бұрын балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азықтардың сақталу мерзімі, азық-түлікті таза өнім күйінде тұтынудың маңыздылығын түсіндіру. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды	бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту және оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдымен	пен "қонақ күтуші" (үй иесі) ұғымдарын түсіндіру; ойын барысында рөлдерді игерту; қазақ халқының қонақты күту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; адамға, үлкенді құрметтеуді, сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ойын үшін жиһаздар, ойыншық кейіпкерлер немесе балалардың өздері рөлдерді сомдауы мүмкін; ойыншық ыдыстар мен тағамдардың жасанды пішіндері; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофон; әдемі қапталған сыйлықтар. Шарты. Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда қонақты күту алдында қандай тағамдарды, тәтті-дәмділерді әзірлейтінін, үстелге ыдыстарды, тағамдарды, құралдарды қалай қоятындарын алдын ала анықтайды. Балалар педагогпен бірге қонақ күткенде қандай әрекеттерді жасайтынын жоспарлайды. Балалар екі топқа бөлінеді: қонақтар мен үй иелері. Үй иелеріне дастарқанды әзірлеуге уақыт беріледі, қонақ болғысы келген балалар дайындықты бақылайды, балалардың қонаққа өнерін көрсетуі үшін педагог бөлек орын дайындайды. Қонақтар үй иелеріне қандай сыйлықтарды әкелетінін ойластырып, бәрін дайындап әкеледі. Алғашында, педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын	Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшаның қызметі жөніндегі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мамандардың құралдары: мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы. Шарты. Балалар балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығайтуына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	Шарты. Педагог балаларға "Шалқан" ертегісінің мазмұнын қайталайды. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Авторды балалардың арасынан ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарады, олардың қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне талдау жасатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)
--	--	--	--	--	--

	сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтады, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды. Тауарлар сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Педагог балалармен бірге ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, ас-мәзірді жасайды. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар "төлем" жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол	сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Ойын аяғында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: қонақты күту үшін тағамдарды сатып алып, оларды дайындап, дастарқанды жаю керек; қонақта үй иелері мен қонақтар өз өнерлерін көрсетеді, әңгімелеседі, жаңалықтармен бөліседі; қонақта әдептілік ережелерін ұстану керек (үй иесінің мүлкін бұзбау, әдепсіз сөздер айтпау, күтімге риза болу). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)		
--	---	---	--	--	--

		сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсендіру үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)			
Балалармен жеке жұмыс	Күз мезгіліне тән ерекшеліктер туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр". Бұлттар, Тұрмай ауа бер, Жаңбыр бол да, Жауа бер. Жазыққа бар, Тауға бар. Бақшаға бар,	Дидактикалық ойын. «Не артық?» Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып, атауын дауыстап айтуды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы, алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөніс, қалғаны жемістер.	Артикуляциялық жаттығу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секендеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр - ыр - ыр - ырылдайды қасқыр, Р а- ра - ра - бал жинайды ара, Мір - мір - мір - қап-қара көмір. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Дәл осындай пішінді тап». Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атау, ажырату, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары. Бала санына сәйкес құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де	Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! (қарым-қатынас іс-әрекеті)

	Бауға бар. Белес-белес белге бар, Сусап жатқан шөлге бар. Әр тамшыңды үлессін, Шалғын қаулап Гүл өссін! (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. Музыкалық-дидактикалық ойындар. (музыка) Өнер бұрышында алтын күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар. "Не қандай болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуді үйрету; салыстыру, анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. Педагог: - Жасыл түстің не екенін айтайық. Қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ... Кең - өзен, жол, таспа, көше ... тағы басқа. Ең көп сөзді атаған бала жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала таңбалауыш алады. "Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғау қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту. Ойын әрекеттері үлгісі: объектіні таңдау, аймақтың карталарымен, жоспарларымен жұмыс істеу; экологиялық паспорттарды зерттеу; экологиялық жағдайды зерттеу (су, ауа, топырақ үлгілері және тағы басқа); айыппұлдарды ұсыну; экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жұмыс; суретке түсіру, бұзушылықтарды түсіру. Ойын ортасы. Құрал-жабдықтар: жоспарлар, карталар, жер бедерінің сызбалары; «Қызыл кітап»; халаттар; саяхатшылар; бейнекамера; әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің төлқұжаттары.				
Балалардың үйге	Әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес.	"Отбасы - тәрбиенің бастауы"	Ата-аналарға "Балаңызға	"Балабақшадағы жетістіктеріміз"

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланы еңбекке тәрбиелеу".	"Бала ұрыншақ болса".	тақырыбында әңгімелесу.	ертегі оқисыз ба?" тақырыбында сауалнама жүргізу.	тақырыбындағы көрме ұйымдастыру.
-----------------------------	-----------------------------	-----------------------	-------------------------	---	----------------------------------

16.10 - 20.10.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышында кезекшілік атқаруды үйрету. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. "Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды өз қолдарынан келетін еңбекке тарту, бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбектенуге тәрбиелеу. "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүейтін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс істегенде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топ бөлмесіндегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдысын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты әңгімелер мен ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. "Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларының жаңа түрлерін үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.

					(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт заттың немесе суреттің ішіндегі біреуі артық болады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарын көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (жеңді түруді көрсету)	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Саусақ жаттығуы. М.Әлімбаев «Он саусақ». Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті. Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ.... (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап". Мақсат-міндеттері. Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойын шарты: педагог допты әр балаға кезекпен лақтырады, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала жауап береді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар). Мақсат-міндеттері. Балалардың айналадағы заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды.) - Оларды қандай бір сөзбен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.) - Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері)	Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын желітдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды кім бәрінен бұрын қойса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Құстардың атауын дұрыс атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру. Құралдар: түрлі ойыншықтар топтамасы. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	

	Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айкастыра, бірі-біріне укалау) Укалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (саусақтарды қосу, бүгу, екі қолды қырымен қосу, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (жұдырықтарымен қолдарын алмастыру, алақан ортасына басу, айналдыру) Айналдыра жуып береміз. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)		"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндердің екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)		
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу. 2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстау, жоғары көтеру. 3- таяқшаны алдыға созып ұстау. 4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру. 5- таяқшаны алдыға созып ұстау. 6- бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1- оң аяқпен таяқшадан аттап, алға бір адым жасау. 2- сол аяқты оның қасына алып келу. 3- оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау. 4- сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2- оңға иілу. 3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. Жаттығуды сол жағымен қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. <i>Ойын- жаттығу.</i> Ас атасы - нан.				

	Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. Бір түйір нанның қадірін Тарыққанда білерсің. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бидай туралы әңгімелесу. Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	"Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Нанның қайдан келетіні туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу. Балалар үстеріне киген киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді. (сөйлеуді дамыту)	"Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Епті баламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету.	Қазақ тілі "Сикырлы бауырсақтар". Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Сикырлы бауырсақтар" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру. Музыка "Ас - адамның арқауы" Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның	Дене шынықтыру "Мергендер жарысы". Мақсат-міндеттері. Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.	Музыка "Тәтті нан". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.	Дене шынықтыру "Алға жүрелеп жылжу". Мақсат-міндеттері. Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.

		қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күзгі желге көңіл аудару. Іс-тәжірибелік әрекет: желбағардың көмегімен желдің күшін анықтау. Балаларға жалаулар мен жапырақтарға қарап, далада желдің бар не жоғын және қай жақтан есіп тұрғанын байқату. "Түтікшемен үрлеп, таспаны (лентаны) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) қояды. - Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанда болып жатқан құбылыстарды бақылауды, бір-бірінен ажыратуды, атауды үйрету; күн райының құбылмалы болатынын түсінуді үйрету. Балаларды әртүрлі табиғи құбылыстармен таныстыру: ашық, бұлтты, бұлыңғыр, желді. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны	Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына, басынан аяғына дейін зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, аумағында не өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады. Көркемсөз. С. Сейтхазин "Ағаш". Қала да орман, қыр да орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өңірді Орман қандай өмірлі! Нақтылау: қайсы ағаштар, бұталар, гүлдер.	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Танымдық әрекеттерін белсендіру; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету. Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли "Көше тазалаушы". Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті.	Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажыратуды бекіту. Жұмбақ шешу. Дауылға да, аязға да, Шыдап бағар міз бақпай. Тау етегі тұрағы, Жап–жасыл боп тұрады. (Қарағай.) Қысы-жазы шешпейтін, Көйлегі бар жасылдан. Өзгертпейді еш кейпін, Жаралғандай асылдан. (Шырша.) Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілеріне қарап ажырататындарын сұрау. Екі ағаш қылқандарының

	- Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер таспаны қатты үйрлеп желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер. Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларға серіеннен кейін заттарды ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды жинау, себетке салу. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл шапшаңдығын дамыту, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біреуінің артына орамалды тастап кетуге тиіс. Бала артына бұрылып қарап, орамалды қолына алып, орамал тастаған баланы қуып жетеді де, оған орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене	жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларға тиісті еңбек әрекеттерін орындауды үйрету. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер ішінде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырады,	Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалып тұрған нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілетін дамыту. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне керекті бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып кетіп, қайта қайтып келсе, "бояушы" бояуды	Шикылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру. Еңбек әрекеті: сәбилер тобының ойын алаңындағы гүлдерді суғару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Сукұйғышқа, шелекке су толтыру дағдысын дамыту, суғару кезінде суды ұқыпты пайдалану, ұжымдық жұмысты мақтау. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруге жаттықтыру, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғылар" болады, "бұғы аулаушылар" рөліне бір-екі бала санамақ арқылы тағайындалады. "Бұғылар белгі бойынша алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, бәрін ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене	ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсыну. Қылқан жапырақтылардың неге осылай аталатыны туралы сұрау. Ағаштардың адам денсаулығына, табиғаттың жандануына жағымды ықпалы туралы баяндау. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау. (еңбек дағдылары) Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қадыр Мырза Әли "Санамақ". Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! "Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағына қой қора қоршалады.
--	--	---	---	--	---

	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету, бір-біріне соқтығыспауды үйрету, тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдау; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дербес әрекет: еркін ойындар, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	қолдарын босатады, барлығы демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін сақтауға жаттықтыру. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен ойындар, топтық ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, допты алға, қолды бүкпей беру біліктіліктерін бекіту; бір-бірімен достық қарым-қатынасты дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, музыка, дене шынықтыру)	сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол жылдамдыққа бейімдеуге болады. Дербес ойындар: далаға шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау дағдысын жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қажет құрылыс нысандарын тұрғызуды үйрету (үй, қора және тағы басқа); ойында табиғи материалдарды қолдану (құм, су және тағы басқа). Ойын мазмұны мен тақырыбын кеңейтуді дамыту. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет)	Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" тандап алады; қалғандары – "қойлар" болады. "Қойшының" көзін байлайды. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?» - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә...", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, олардан: "Қойым, қойым, өзінді ата!" - деп сұрайды. Ал "қой" оған: "Мә-мә-мә!" - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала тани алмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін арттыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Ойынға саналы түрде қосылуға ынтасын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)
--	---	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Қол жуу ережелерін бекіту; жарыс ойындар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы. Көркемсөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	«Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Домала, доп, домала! (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама. (сұқ саусақпен ескерту) Жек көремін оныңды, (сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту) Бүлдіресің қолыңды. (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін, (баяу жүгіру) Мәшине басып кетпесін. (мәшиненің рулін айналдыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. "Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойын. Құрастырудан ойын-жаттығу "Бидай масағы". Мақсат-міндеттері. Балаларға "Масақ" украин халық	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бауырсақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Бауырсақ қалай дайындалады?" Мақсат-міндеттері. Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Таба нан". Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету. Дидактикалық ойын. "Нан қалай пайда болады?" Мақсат-міндеттері. Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету. «Жеміс жинау».	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сарқытты тең бөлейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған байланысты болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығу. "Сарқытқа үш табақ." Мақсат-міндеттері. Заттарды түріне қарай топтастыруды үйрету. Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттері.	«Үйдің есігін жабайық». Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу

	ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету. "Шарды ұста" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшандығы мен жылдамдығын дамыту. Тәрбиеші ортаға көп шарды жайып тастайды. Ойын басталғанда (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды тәрбиешіге ұстап береді. Кім көп шар жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын 10-15 секунд жалғасады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет, құрастыру)	кеңейту. «Зообаққа орналастыр». Мақсат-міндеттері. Заттың көлеміне қарай салыстыруды, талдау жасауды үйрету. Жабайы аңдар мен жануарлар, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын шарты: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар піл мен түйені үлкен торға, қоян, тиін және тағы басқа кішкентай торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін айтады. Пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық мақсаты. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі мен пішініне және түстеріне қарай ажыратуды үйрету. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері. Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері. Тақтаға шақырылған бала жемістерді теріп, үш себетке жинайды. Бірінші себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер жиналады. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы қосылып айтып салыстырады. Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады. Мысалы: «Себетте қанша алма бар? Себетте қанша алмұрт бар? - Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен бір алмұрт алып қой. Осылайша, ойынды әрі қарай жалғастыр. Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан қаншасы кем? Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Анама бәліш пісіремін". Мақсат-міндеттері. Ермексازдан бәліш жасауды үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырту. (көркем	Балалардың қабылдауын, зейіндерін, еске сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен, заттардың саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жетуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа).	"Алтын бидай алқабы". Мақсат-міндеттері. Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау жаттығуы. "Дақылдарды таны және ата". Мақсат-міндеттері. Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Бейбітшілік құсы - қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып алып, дұрыстап бұту арқылы қарлығашты құрастыруды үйрету; қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту; "көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру; қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірінен ажыратуды; қолдың саусақ моторикаларын, эстетикалық қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады) Мақсат-міндеттері. Қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету. (математика негіздері, сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту)
--	--	--	---	--	---

			әдебиет, құрастыру, математика негіздері, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)	Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажетті киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)	
Балалармен жеке	«Мынау қай пішін?»	«Мақал мәтелдер».	Артикуляциялық жаттығу.	Кел, жазайық.	«Кім зейінді?»

жұмыс	Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішінді қолмен сипап анықтау арқылы айту. Көрнекілік: картоннан жасалған геометриялық пішіндердің 5 түрі. Барысы: бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап көреді, заттың атын дауыстап атайды. (математикаа негіздері, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	«Кім, қалай дыбыстайды?» (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, аааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа(аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа (таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеніз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. (математика негіздері)	Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында үлестірмелі геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші төмендегі геометриялық пішіндерден бейнелер құрайды. Жылдам орындаған балаларға мақтау айтылады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Ас атасы-нан" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Театрды сахналау "Үш торай" ертегісін алжапқыштармен сахналау. (көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "ас атасы - нан" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру.	«Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері». Сұрақ-жауап.	Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі".

23.10 - 27.10.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баланы ауа райына байланысты киіндіру керектігін ата-аналарға ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Еңбек: алаңды тазалау ұжымдық жұмысы. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді, ұжымдық еңбектің құндылығын көрсетуді үйрету. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: жолды, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындауға ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	25 қазан - Республика күні	Еңбек: ағаштарды суару. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау. Мақсат-міндеттері. Шөп, арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажыратуды, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. (дене шынықтыру) Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін,	"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл торғайлардың ұялары. Барлық балалар қараторғай болады. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп, ұшып жүреді. «Үйге қайтыңдар» белгісі бойынша барлығы		"Бір, екі, үш! Ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діңінен, жапырақтарынан тану. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Керісінше айт!" Ойын барысы. Балалар шеңберге құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, допты лақтырады. "Көлшік – кішкентай, ал өзен- ... (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-	"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан

	логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойын. "Аққу-қаздар". Мақсат-міндеттері. Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу-қаздың» рөлін ойнайды. Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар тұратын жер сызықпен белгіленеді. Сол жақта қасқыр жасырынады. Ойын басталғанда құс бағушы аққу-қаздарды далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді. Қасқыр қимылсыз отырады. Біраз уақыттан	ұяларға жүгіреді. Балалардың біреуі ұясыз қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады. Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралғанда бәрінің де ұясы бар болып шығады. Көркемсөз Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Қателеспе". Мақсат-міндеттері. Жылдамдықты дамыту; ойнау дағдыларын бекіту. Ойынның барысы. Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әртүрлі әрекеттерін атайды. Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз" және тағы басқа. (дене шынықтыру)		жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай". Көркемсөз Қызыл, жасыл гүл ектік, Баптап күтіп түрленттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суғардық. Гүлдендіріп бөлмені, Бөлмеде гүл қаулады. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтауды, үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан кейін "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айнаруды сұрайды. Балалар осы кезде: "Бір, екі, үш! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені" қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" өзін түрткен баланы ұстап алу керек және оны тану, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден	тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың". Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер... Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғын келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын тандайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді. Көркемсөз Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. (танымдық іс-әрекет)
--	--	---	--	--	--

	кейін құс бағушы қаздарды шақырады. - Қаздар, қаздар, қаңқылда! - Қулар, қулар, саңқылда! - Тойдыңдар ма далада? - Иә, иә, иә! - Ендеше үйге қайтыңдар. - Жоқ, жоқ! - Неге? - Қыр астында қасқыр бар. Осы соңғы сөз айтылғанда ғана қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу-қаздар үйге (сызықпен белгілеген жерге қашады). Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады. (танымдық іс-әрекет)			аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан шығады. Кім ұсталып қалса, сол "соқыр теке" рөлінде ойынды жалғастырады. (дене шынықтыру)	
Ертеңгілік жаттығу	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық сақтау, ұқыпты болу)				

	Көркемсөз Дәмді ас тұр табақта, Қане, жей ғой, асықпа! Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға дұрыс отыруын бақылайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған дұрыс отыру керектігін ескертеді. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)	Құстар туралы қызықты мәлімет беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)		Құстар туралы такпақтар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну. Қазақ тілі "Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. Г. Х. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың	Сауат ашу негіздері "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну. Математика негіздері "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда" пысықтау Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны мен цифр туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыруды пысықтау. Музыка "Күзгі вальс". Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және		Математика негіздері "Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?" Мақсат-міндеттері. Балаларға бес күн аралығындағы уақытты бағдарлауды үйрету, "бүрсігүні", "алдыңғы күні" ұғымдарын қалыптастыру; уақыттың үнемі бір жылдамдықпен жүретіні, адамның оны көп не аз істерімен толтыра алатыны туралы түсіндіру. Сөйлеуді дамыту «Сауысқан мен көкек» ертегісі" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан мен көкек" ертегісін оқу және талқылау (пысықтау). Музыка "Күзгі вальс". Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын	Сауат ашу негіздері "[у] дыбысы және У у әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [у] дыбысына берілген сөздерді оқуға дағдыландыру. [у] дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру. Сурет салу "Қаздар жылы жаққа ұшып барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу техникасымен таныстыру; қағаздың толық бетіне жылы жаққа ұшып бара жатқан қаздар үйірімін салуды үйрету. Дене шынықтыру "Бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға 50 см биіктікке бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіруді үйрету. Көркем әдебиет «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі

	дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен жанашырлыққа, батылдыққа, отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру . "Добым, добым, домалақ" Мақсат-міндеттері. Балаларға шашырап жүруді; кедергілерден өтіп жүгіруді; доғаның астымен еңбектеуді (биіктігі 50 см) үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Жыл құстарының ұшу бағыттары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұшатын және қыстайтын құстар туралы түсініктерін жетілдіру; құстардың қимылдарын бақылау, көргенін бойындағы біліммен байланыстырып, еркін сипаттауды үйрету. Математика негіздері "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда". Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыру.	табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету. Сөйлеуді дамыту «Сауысқан мен көкек» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейтіп, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан және көкек" ертегісін оқу және талқылау.		арттыру; әннің сыр-сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Сауат ашу негіздері "[у] дыбысы және У у әрпі". Мақсат-міндеттері: [у] дыбысы және У әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.	кейіпкерлерінің жағымды не жағымсыз қасиеттерін түсінуді үйрету. Музыка "Көкектің әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; күй тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.
--	---	---	--	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқкиімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға қызығушылықтырын дамыту. Өңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әртүрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, жұлдызқұрттардың не	Құстарды бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Зерттеу. "Күз мезгілінде қалалық жердегі құстар не жейді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Зерттеу барысы. - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. - Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау		Құстарды бақылау. "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Өңгімелесу. - Айналаға мұқият қараңдар, балалар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары) - Ал, құстар қай жерде көбірек өмір сүреді? Қалада ма, орманда ма? - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? - Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде? - Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын қоректендіреді. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар мен жәндіктерді аулайды, балапандарын қоректендіреді. Әр жұп	Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Ауаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің ерекшеліктерін салыстыру және зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру. Өңгімелесу: - Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не білесіңдер? Олар немен және қалай қоректенеді? Қайда ұшады, қайда ұя салғанды ұнатады? Еңбек: алаңға, жолдарға су шашу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шланг пен сукұйғышты мұқият пайдалануды үйрету. "Бұғы аулаушылар" қимыл-

	істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді қалай аулайтынына назар аудару маңызды. Қарлығаштардың ұясын көрсету, балапандарына қорек әкеліп беретінін бақылау. Көркемсөз Жыл құстары келді деп, Балдырғандар мәз болды. Қос қанатты желпілдеп, Көлге үйрек-қаз қонды. Дидактикалық ойын (А) және жаттығу (Б) А. «Сипаттама бойынша тап» - тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды. Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту. Б. «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады. Мақсат-міндеттері: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту. "Үкі" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа	ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсыңдар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. Еңбек: алаңнан малтатастарды жинату. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбектенуге ұмтылысты тәрбиелеу. "Жапалақ" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай кимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; кимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.		құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды қоректендіру керек. Балапандар көп қорек жейді және жылдам өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсіп кетті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне қорек табуды, жауларынан жасырынуды үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыстан шыға алмайды. - Құстардың қандай пайдасы бар? - Орман дәрігерін кім біледі? - Орманға барғанда өзімізді қалай ұстаймыз? - Орманда шуламаңдар! Неліктен? - Құстар қатты айқай-шудан қорқады, олар ұяларын тастап кетуі мүмкін. Сендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тыңдай білу керек. - Құстардың ұяларын бұзбаңдар! Неліктен? - құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін. - Ормандағы құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен? - Орманнан құстарды алып кетуге болмайды, олардың өміріне қауіп төнеді. Орман - құстардың үйі. Олар өз қоректерін өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өліп қалуы мүмкін. - Орманда от жағуға болмайды! Неліктен?	қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, кимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Аз кимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасыратын кезде оған қарауға болмайды. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, бөлмеден затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... (сөздерін айтып жасырылған затты табуға көмектесед). Еркін ойындар.
--	---	--	--	---	---

	дағдыландыру. Ойын барысы. Барлық ойыншылар құстар, бір бала үкі болады. "Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып жүріп, дәндерін шоқиды. "Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Еркін ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. Жүргізуші (немесе балалардың біреуі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соқтықпай жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылғанда ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қимылдап не күліп қойса, соны "жапалақ ұясына" алып кетеді. Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қарай жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталмай, өз ұяларына қайту керек. Дидактикалық ойын. "Құстарды сана". (танымдық іс-әрекет)		- Ағаш өте жылдам жанады. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер, жануарлар, құстар және адамдар өледі. Қорытынды. Құстар әртүрлі болады, көптеген құстар зиянды жәндіктерді жояды. Еңбек: бақшаны суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдауды үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да	
--	--	---	--	--	--

		Мақсат-міндеттері. Сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары (бір торғай, екі торғай және тағы басқа). Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. Тура жүру, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды жан-жаққа созу, дене түзу, бір аяққа тұрып екінші аяқты артқа қарай жоғары көтеру, түзу созып тұру), содан кейін жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяқпен түсу, екі қол екі жақта. Еркін ойындар.		қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауы тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілері қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. "Қақпаға" допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Еркін ойындар.	
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу; - балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау; - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды өз бетінше киінуге, аяқкиімді киюді үйрету, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; шкафтан киім алу және оны шешкеннен кейін орнына қою, бәрін ұқыпты бүктеу қабілеттерін қалыптастыру. Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен.				

	Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Тамақты бастар алдында Қолыңды, бала, жуып жүр! Ас ішуді алғыспен Аяқтау туралы біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дене шынықтыру "Добым, добым, домалақ" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балалардың шашырап жүру; кедергілерден өтіп жүгіру; доғаның астымен еңбектеу дағдыларын (биіктігі 50 см) үйретуді пысықтау. Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Желдің күші" Мақсат-міндеттер: балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету. Дамытушы ойын.	Көркем әдебиет «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Ертегіні тыңдауды үйрету. Қазақ тілі "Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің "ұзынды-қысқалығын" қолмен өлшеп айыра		"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Есту зейінін дамыту. Балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарды құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді, ұшпайтын зат айтылғанда тырп етпей отырады. Қателескен бала айып өтеу үшін тақпақ	"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуді үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға арналған жаттығу жасау. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлем құрауды үйрету. Зейін, еске сақтау, байланыстыра сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына қалпақ киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...». “Құстардың ұшып келуі”

	"Құстардың көлеңкесі". Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекеті) "Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады. (дене шынықтыру)	білуді үйрету; дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жүп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа үйрету. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер». Мақсат-міндеттері. «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады. (шығармашылық іс-әрекет) "Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарға тән белгілерді сөзбен сипаттауды және оларды сипаттамасынан тануды үйрету. Балаларға ақылды болуды үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларға сөздік сипаттама беретін жүргізушіні		айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса, айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтермейді) (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Торғайлар мен мысық" Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынның шартын бұзбай ойнауды, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін, байқағыштық, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Жерді шеңбермен белгілеу керек /диаметрі 5-6 м/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді. Ол мысық болады. Қалған балалар шеңбердің сыртында торғайлар болып жүреді. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа	қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. "Боран" деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші "Боран тынышталды" деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)
--	--	--	--	---	---

		тағайындайды, басқа балалар болжап табу керек. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)		ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып, торғайларды ұстауға тырысады (ақырын ғана қолын тигізеді). (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады. Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан). Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. (қарым-қатынас іс-әрекеті)		"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, атауын жылдам атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүл шоқтарын жасауды үйрету. Барысы. Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі, пішініне сәйкес келетін гүлді табады. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуді үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы. Педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың атауларын атайды, балалар сол жерде өсетіндерін ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қол шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер олай болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет				

	ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
